

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 ақпандағы N 251 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 20 ақпан N 263

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 10 тамыздағы N 187 Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 ақпандағы N 251 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 7, 92-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бірыңғай (ортақ) білім кеңістігін қалыптастыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарындағы:

реттік нөмірі 1-жолдың үшінші абзацы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі